

**Кенжебекова Р.И., Молдабек Қ., Мауленбердиева Г. Б.**

*Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті Шымкент қ.*

## **БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫН ДҰРЫС ДАМЫТУ**

Талаптарды жүзеге асыруда математиканың негізін меңгерту жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің бірден-бір негізгі элементі болып табылатындығына Елбасының „Рухани жанғыруында“ баса назар аударылған [1].

Баланың жеті жастан кейінгі жетекші іс-әрекеті оқу болып есептеледі. Сынып оқушысы оқу үрдісінде табиғат әлемімен және адамдардың өмірімен, оның бүгінгі құнымен және өткенімен танысуын жалғастыра береді. Оқу іс-әрекеті мен тәртіппен белгіленген іс-әрекетте сынып оқушысы жануарлар мен өсімдіктер әлемі өмірінің заңдарын, тіл және мөлшер, кеңістік және уақыт заңдарын танып біледі, басқа адамдарды, олардың еңбегін, еңбек пен танымның субъектісі ретінде өзін де танып біледі [2]. Оқу материалдары бала психикасына зор талап қояды. Өйткені ұғыну - өте күрделі әрекет. Ұғыну бірнеше кезеңдерден тұрады. Мәселен, мұның бірінші кезеңінде (таныстыру кезеңі) бала нені, қалай оқу керектігі жайлы мағлұмат алады. Бұдан кейін ол ойындағысын тәжірибеде орындап көреді. үшінші кезеңде ұғынғанын сөзбен тұжырымдайды, төртінші кезеңде бала ұғынған нәрсесін ойына ұстап тұрады да, бесінші кезеңде балада зат пен құбылыс туралы белгілі ұғым қалыптасатын болады. Ақыл-ой амалдарын меңгеру арқылы бала шындықтағы заттардың байланыс қатынастарын ажыратады, бір нәрсені екіншісімен салыстыра дәлелдей алуға, олардың айырмашылық, ұқсастықтарын көре білуге үйренеді, мұндағы себеп пен нәтиженің заңды байланысына түсінеді. Мәселен, “от жақса, түтін шығады” дегенде оттың жануының шығуына себеп болып тұрғандығын бала байқайды да, шындықтағы нәрселердің бәрі де бір-бірімен осындай байланысатындығын түсінеді. Нәрседе себеппен қатар, нәтиже де болатындығына баланың түсініп, көзінің жетуі ұғыну деп аталады. Бастауыш сынып оқушылары оқу материалдарының мәнісіне тереңдеп бара бермейді. Оларды жай жаттап алады да өз бетінше пікір айтуға ора шолақ келеді. Бұдан анализ, синтез процестерінің

баллада онша дамымағаны көрінеді. Мұғалім оқушы ойлауындағы анализге жеткіліксіз көңіл бөлетін болса, бала материалдың бір-бірімен қиысып байланыспаған жеке жақтарын меңгереді де, осыдан ұғымның мәніне толық түсінбей қалады. Сондай-ақ, мұғалім синтездеу тәсілін ойдағыдай пайдалана алмаса, жаңа материал бұрын-ғысымен дұрыс байланыспай қалады да, берілген мағлұматтың практикалық мәні кеми түседі. Кейбір мұғалімдер баланың белсенді ойлау процесін дамытудың орнына оның ес-қабілетін өсіруге ерекше мән береді, бірақ баланың есін дамыту онша мәнді нәрсе емес деген қорытынды шықпайды. Балаға ойлаттырып, әр нәрсені бір-бірімен салыстырғызып, талдап жинақтатып, дәлелдеткізіп үйретсе ғана олардың танымы мазмұнды болады. Ал, материалды сол күйінше жаттап алу, оның мағынасына түсінбей оқу жақсы нәтиже бермейді, бала дұрыс білім ала алмайды. Бастауыш сынып мұғалімдері осыны қатты ескергендері дұрыс.

Психолог П.Я.Гальперин (1902-1988) өзінің “Ақыл-ой әрекетінің сатылап қалыптасу” теориясында бала мәселені шешу үшін алдымен сыртқы материалдық әрекеттерді (затты ұстап көру, тұрқын, көлемін ажырату, шамамен өлшеу, т.б.) пайдаланады, сосын, оның бейнесін елестетеді. Содан соң дауыстап, және іштен айта алатын болады да, сөйтіп сыртқы заттық әрекеті біртіндеп ішкі ой әрекетіне айналады дейді [3]. Баланың білім меңгеруі, мұғалімнің сабақ оқытуы екеуі де “инемен құдық қазғандай” аса, қиын нәрсе. Сондықтан ұстаз әр уақытта оқушының рухани тілектерін ұдайы қанағаттандырып, оның табиғатты, өмірді, адамдар еңбегін білуге құштарлығын дамытуы қажет. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларының зердесінде “бәрін білуге” құштарлықтан туындайтын тамаша қасиет бар. Олар: “Қоянның артқы аяқтары неге ұзын?”, “Ақ тиін неге ағаш басында тіршілік етеді?”, “Шалқалап тұрған шыбындар неге құлап кетпейді?” т.б. осындай көптеген сұрақтар қояды. Кейбір ата-аналар, тіпті мұғалімдер де балалардың осындай үйреншікті, мәнісі бар сұрақтарына жауап бермейді, “сен мұны бәрібір түсіне алмайсың”, “жоғары сыныпқа барғанда оқисыңдар” деп ұзын арқау, кең тұсауға салып кете береді. Әрине, сұрақ біткеннің бәріне жауап қайтара берудің қажеті жоқ, бұл

сұраулардың кейбіреулері осы жастағы балалардың интеллектік мүмкіндіктеріне сәйкес келмейді де. Бірақ мына жағдай әр уақытта есте болуы тиіс. Егер бала мүмкіндіктері жете бағаланбаса, тілектері қанағаттандырылмаса, бұл оның дүниені танып-білуге құштарлығының болмауына әкелуі ықтимал. Балалардың ақыл-ойын дұрыс дамыту үшін оқытуды тым жеңілдетудің де қажет жоқ. Баланың ойына жеткілікті азық беретін оқу ғана қарқынды дамытуға септік тигізе алады. Мәселен, 1 сыныптың мұғалімі балаларға 9 санының екі және жетіден, алты және үштен құралатындығын айтып: “9 саны тағы да қандай сандардан құралады?”- деп сұраса, олар “төрт пен бестен”-деп жауап береді. “Тоғыздан төртті азайтсақ, қанша қалады?”. “Тоғыздан бесті азайтсақ ше?”, “Сендер нені аңғардыңдар?” деп мұғалім ой сала сөйлейді. Балалар “Қосындыдан қосылғыштардың бірін шегерсек, онда, екінші қосылғыш шығады” дейді. Мұғалім тағы да ойын жалғастырып: “Екінші қосылғышты шегерсек қайтеді?” десе, “Онда бірінші қосылғыш шығады” дейді бір оқушы. “Олай болса, қосындыдан қосылғыштардың біреуін шегерсе”, деп мұғалім сөзін сабақтай бергенде, “екіншісі шығады” деп бала сөйлемді аяқтайды. Міне, оқушының ойлау белсенділігінің дамуы, білім мен дағдыға қанығудың негізі осылай қаланады, сөйтіп шамалардың ара қатынасы мен амалдарды терең түсінетін болады. Бұл жай бастауышта арифметиканың аясынан шығып, бірінші сыныптан бастап оқу бағдарламасына геометрия мен алгебраның элементтерін кіргізуге мүмкіндік берді. Осының арқасында шәкірттер заттар мен фактілерді саралап, салыстырып, әр құбылыстың неден туындайтынын, яғни оның себебін іздестіретін болады, олар сұраққа тек жай жауап беріп қана қоймай, өздері де сұрақ қоя біліп, оны өз бетінше шеше білуге машықтанады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандарты. -Алматы, Ы. Алтынсарин атындағы Қазақстың білім Академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000 ж. -382 б.
2. Кенжебекова Р.И., Ералиева Т.О.І-ІV сынып математикасынан сыныптан тыс жұмыстарды өткізуде ойын есептерін пайдалану (электронды оқулық). – Шымкент, 2016 ж.